

"Кемеге атау беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы № 53-І бұйрығының күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Көлік министрінің м.а. 2024 жылғы 23 мамырдағы № 184 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 27 мамырда № 34410 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 08.06.2024 бастап қолданысқа енгізіледі

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Кемеге атау беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2005 жылғы 28 қаңтардағы № 53-І бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3463 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің Автомобиль көлігі және көліктік бақылау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Көлік министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Көлік вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 8 маусымнан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасы
Көлік министрінің міндетін атқарушы*

М. Калиакпаров